

Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім беру саласының коды мен жіктелуі	6 B01 Педагогикалық ғылымдар
Дайындық бағыттарының коды мен жіктелуі	6B012 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту педагогикасы
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	6B01201Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
Білім беру бағдарламасының бірегейлігі	Өскемен қаласы бойынша тек С. Аманжолов ат. ШҚУ-да ғана осы білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланады. Оқуды бітіргеннен кейін бітіруші түлек мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған оқу бағдарламасының стратегиялары негізінде тәрбие-білім беру қызметін жүзеге асыра алады және дуальды білім беруді енгізу арқылы кәсіби құзыреттілікті меңгереді.
Білім беру бағдарламасы аясында дайындау бейінінің картасы	
ББ мақсаты	Жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі әлеуметтік-маңызды міндеттерді ғылыми-практикалық деңгейде шығармашылық және жоғары кәсіби деңгейде шеше алатын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының құзыретті педагогтерін даярлау.
БББ міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Педагог кадрлардың сапасын және тәрбиеші мамандығының беделін арттыру, жаңа формациядағы оқытушыны қалыптастыру. 2. Мектепке дейінгі білім беру сапасының деңгейін бір жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасы мазмұнының базалық минимум талаптарына сәйкес жетілдіру. 3. Даму мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тиісті деңгейін қамтамасыз ететін инклюзивті оқыту жүйесімен танысу. 4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативті формаларының технологияларын енгізу, балалардың мектепке оқуға жоғары дайындығын қалыптастыру, олардың ерте позитивті әлеуметтенуін қамтамасыз ету.
БББ оқыту нәтижелері/	<ol style="list-style-type: none"> 1. Білімдерін көрсету: кәсіпкерлік саласындағы экологиялық, экономикалық, кәсіби және басқа да мәселелерді шешуде өмір қауіпсіздігі, құқықтық мәдениет, жоғары саналы тәртіпті, толеранттылық пен парасаттылықты көрсету. 2. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда білім, фактілер, құбылыстар, оқу пәндерін оқыту әдістемесінің теориялық негіздері және мектепке дейінгі педагогика категориялары, қазіргі инновациялық технологиялармен жұмыс жасау. 3. Өзінің кәсіби деңгейін жетілдіру және көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында ғылыми-тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерін пайдалана отырып, өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, педагогикалық рефлексия арқылы жеке кәсіби өсуді және жетілдіруге ұмтылысын көрсету. 4. Әр баланың бейімділігі мен қабілеттерін даму және денсаулық жағдайын жеке көзқарас негізінде ескере отырып, білім беру мен тәрбиелеу процесін ұтымды ұйымдастыру үшін анатомия, физиология және денсаулық сақтау технологиялары бойынша білімдерін пайдалану. 5. Жаратылыстану пәндері саласындағы іргелі жаратылыстану-ғылыми теориялық білімдері мен құзыреттерін көрсету. 6. Математиканың қарапайым ұғымдарын оқытудың теориялық негіздері бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың білімін қалыптастыру үшін негізгі математикалық ұғымдар мен теорияларды, математикалық фактілерді талдау дағдыларын қолдану. 7. Мектепке дейінгі ұйымда еңбекті, көркемдік оқытуды ұйымдастырудың әдістемесі мен технологиясын меңгеру. 8. Сөйлеу әрекетінің негізгі түрлерін меңгеру - оқу, айту, тыңдау және жазу.

	<p>9. Жұмыста мектепке дейінгі білім беру саласындағы қызметті реттейтін негізгі нормативтік құжаттарды, білім беру мекемесінің қызметін ұйымдастыру және оны басқару негіздерін қолдану.</p> <p>Мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің мемлекеттік стандартын, оқу бағдарламаларын, мектепке дейінгі білім берудің оқу пәндерін оқытудың теориялық негіздері мен әдістемесін білу негізінде мектеп жасына дейінгі балаларды ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру.</p>
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Берілетін дәреже:	6B01201 «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім бакалавры»
Лауазымдарының тізімі	<ul style="list-style-type: none"> - мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеші; - педагогикалық колледж оқытушысы; - білім басқармасы департаментінің жетекші маманы; - педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру институттарында мектепке дейінгі тәрбие бойынша маман.
Кәсіби қызмет объектісі	мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері мен типтері; педагогикалық колледждер; білім беруді басқару департаменттері; білім беру жүйесі кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау институттары.